



Есқұлов Серікжан Сағатұлы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның бірлескен Қазақ ядролық университетінің әдістемелік жұмысы
жөніндегі проректоры



Оқу жылдары:
1976-1981 жж.



Мамандығы:
"Түсті металлургия зауыттарының механикалық жабдықтары"

В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына 1976 жылы түстім. Политех – Қазақстандағы ең үздік техникалық ЖОО болғандықтан, мақтанышым шексіз еді. Мен металлургия факультетіндегі «Түсті металлургия зауыттарының механикалық жабдықтары» мамандығын таңдадым.

Мен ақыл-ой жүйесі тұрғысынан техникаға жақын адаммын, сондықтан да көбіне қиыншылық тудыратын «Материалдар кедергісі» (Зифа Матеновна), «Машина мен механизмдер теориясы» (К.С.Иванов) пәндерін ұнататынмын. Ал «Сызу геометриясы» пәні басында қиын болды, өйткені алғашқы сабақтарын жіберіп алған болатынмын. Сол кезде мен Есмұхановтың оқу құралын (ҚазПТИ баспасы) алып, барлық оқу курсы өзін оқып, емтиханды «өте жақсы» деген бағаға тапсырғаным әлі есімде.



*Біздің тәрбиемізге олар бар жанын
салатын, өмірдегі хикаяларымен
бөлісіп, қиын жағдайларда қол ұшын
беретін.*



Шынымды айтсам, маған сабақ берген оқытушылардың көбі есімде. Досымов Көбеген Байдаулетұлы – өте жақсы кафедра меңгерушісі, тамаша адам, менің ғылыми жетекшім болды; Куницын Николай Михайлович – тәжірибелі дәріскер. Садықов Жанарстан Садықұлы – тамаша декан, үлгі тұтатын адам. А.Қондауров – тамаша зеңбірекші-маман. Біздің тәрбиемізге олар бар жанын салатын, өмірдегі хикаяларымен бөлісіп, қиын жағдайларда қол ұшын беретін. Солардың арқасында болашақ кәсіби қызметіміздің негізі қаланды.

Менің алғашқы атқарған қызметім – «Металлургиялық зауыттардың механикалық жабдықтары» кафедрасының ассистенті. Жалпы, мен университетте 20 жылдан астам жұмыс істедім. Сәтбаев университеті – жаңа форматта жаңа талаптарға сай келетін ҚазҰТЗУ алдыңғы тарихи дәстүрлерді одан әрі жалғастырып, Қазақстан мен Орта Азиядағы №1 техникалық университет болып қала береді деген сенімдемін.

Печатная версия интервью, размещенного на сайте Satbayev University.

(с) НАО «КазНТУ им. К.И. Сатпаева». Использование данных материалов разрешено только со ссылкой на источник.

Сәтбаевтың университет сайтында жарияланған сұхбаттың басылған нұсқасы.

(с) «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ. Бұл материалдарды пайдалану көзге сілтеме жасағанда ғана рұқсат етіледі.

Printed version of the interview posted on Satbayev University website.

(c) NAO KazNITU named after K.I. Satbayev Use of these materials is permitted only with reference to the source.